


Бекіткен
«Ақжол» балалық бағдарламасының
меңгерушісі: Дірісбаева Г.Т.



Мерекелік ертеңгілік

Тақырыбы: «Аналар асыл қазынам!»



МАД «Айгөлек» тобы

Тәрбиешілер: Аккулиева Ж
Туртаева Қ.

2023 ж.

«Аналар асыл қазынам»

Тәрбеші: «Бар жақсылық, күллі әлемге тараған

Аналардың ақ нұрынан жаралған»

Құтты болсын мерекеміз бүгінгі

Ардақты аналарға арналған.

-дей отырып қадірлі аналар, ардақты әжелер сіздерді көктеммен күлімдей келген халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

Аналарға арналған әнімізді қарсы алыңыздар.

Хор: «Апатайым»

Кезекті бүлдіршіндеріміздің тақпақтар тізбегі

Кәусәр: Аналарды сүйеміз

Сөзін ойға түйеміз

Әжені де ардақтап

Әдеппен бас иеміз

Бекман: Ақ әжемді әрқашан

Сыйлап жақсы көремін

Қуантайын деп оны

Өлең айтып беремін.

Асылым: Жылылықтан жаралған

Құшағы онын тақ мекен

Менін айдай анамнан

Асқан сұлу бар ма екен.

Сұңқар: Үн қатасын бал тілмен

Еркелеймін әр күн мен

Құттықтаймын анашым

Сегізінші наурызбен.

Алинұр: Анамызды сыйлайық

Үйдің ішін жинайық

Анам келсе жұмыстан

Қалсын қатты қуанып.

Тәрбиеші: Балалар аналардың мерекесі жылдың қай мезгіліне сай келіп тұр?

Балалар: Көктем мезгіліне.

Тәрбиеші: Ендеше «Ару» көктемді қарсы алайық!

Әсем әуенмен көктем кіріп келеді.

Ару көктем: Мен көңілді көктеммін

Былтыр келіп жеткенмін

Көзін ашып бұлақтың

Түбіне тал еккенмін

Гүл болып қырда егілем

Дән болып жерге себілем

Жаңбыр болып жуамда

Нұр болып көктен төгілем

Шуағын төгіп әлемге

Жылуын күннің әкелем

Тәрбиеші: Амансыңба, Ару көктем?

Ұлан- байтақ жерімізге қош келдің. Шуағынды шаттандырып, нұрыңды мол төгебер.

Ал Ару көктем біздің қыздарымыздың өзіне арналған биін қабыл ал.

Би: «Испанский»

Орындайтындар; 1.Ләйсән

2.Ұлжан

3.Балауса

4.Ақниет

5. Асылай

6.Құндыз

Тәрбиеші: Бүгінгі мереке күні әжелерімізді де мерекелеріңізбен құттықтаймыз.

Келесі құттықтау тапқатары сіздерге арналады әжелер.

Ақниет: Әже деген көп шығар
Әжемдей адам жоқ шығар
Мейірімді бұл кісі
Қандай ғажап күлкісі

Ердәулет: Ертегі қандай көп еді
Күнде айтып береді
Қуантамын балаша
Менің әжем тамаша

Саят: Айтатын көп әңгіме
Тыңдасаңыз бар енді
Бұл күн мен алдымен
Құттықтаймын әжемді

Т.Айсұлтан:Құрт пен майын жинаған

Балаларға сыйлаған
Бұл әжемнің өмірі
Таусылмайтын жыр маған

Ұлжан: Таусылмайды өлеңі
Күнде айтып береді
Барған сайынбір жақа
Кәмпіт алып келеді

Әжем мені үйіткені

Қатты жақсы көреді

Хор: «Әжем айтқан ертегі»

Би: «Анаға көмек»

Орындайтындар: 1.Алуа

5.Бекман

2.Дарын

6. Т.Айсұлтан

3.Дәуіржан

7.Сұңқар

4.Н.Айсұлтан

8.Алихан

Тәрбиеші: О анашым анышым тірегім

Бар бақытты бір басыңа тіледім

Мені жақсы болса екен деп қашанда

Лүпілдейді сенің қамқор жүрегің

Ләйсән: Бүгін көктем күнінде

Барлық адам қуанар

Аналарды мейраммен

Құттықтайды балалар

Құндыз: Еркелеймін шаттанып

Жарқын күлкің бақ маған

Ақ бетіңнен сүйемін

Келші, келші ақ мамам

Н.Айсұлтан: Ананың біз гүліміз

Ана біздің күніміз

Ұландарды қуантып

Ұзақ өмір сүріңіз.

Алихан: Әлпештеген баласын

Ана бақыт, ана күн

Ән маржанын шашаиық

Ата аналармен ойын: «Аналарды сәңдейміз»

Хор: «Апа туған күніңізбен».

Тәрбиеші: Кезекті бүлдіршіндерден тақпақтар кезегі

Алтынай: Бізді өсірген апатай

Еңбегінде зор екен

Құтты болсын апатай

Құтты болсын мерекең.

Жәния: Әлпештеген, аялаған

Ақ сүт берген апатайым

Сәлем жазып бүгін саған

Мейрамыңмен құттықтаймын.

Айбын: Анаң болса қасында

Басқа бақыт не керек

Аналардың жүрегі

Мейірімдіғой керемет.

Алуа: Бәріңізде анасыз

Біз үшін от болып жанасыз

Құтты болсын мейрамың

Құттықтаймын анашым.

Асылтай: Шашымды өріп тараған

Қабағыма караған

Үлкен кіші демейді

Сыйлайды оны бар адам

Би: «Анаға сыйлық»

Тәрбиеші: Қымбатты да аяулы аналар! Мерекелеріңіз құтты болсын!
Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздер.
Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шаттболсын, әрқашан аман болайық!
Ертеңгілігімізді тамашалағандарыңыз үшін рақмет. Сау болыңыздар!



